

Келісемін:  
«Айяна»жеке мектепке дейінгі  
білім беру мекемесінің  
меңгерушісі Ж.Т.Рысбекова

## Тақырыбы: «Үздік жас маман-2025»

(Жас мамандарға арналған байқауы 23.04.2025ж)



**Жетекші:** Елемесова Ж.А

2024-2025 оқу жылы

## **«Үздік Жас маман-2025» атты байқауының сценарийі**

**1 Жүргізуші:** Қайырлы күн, әріптестер және жас мамандар! Педагог мамандығын жүрек қалауымен таңдап, жоғары оқу орындарын ойдағыдай аяқтап, ортамызға келіп еңбек жолын бастап жатқан жас мамандар арасындағы «Үздік Жас маман– 2025» атты байқауына қош келдіңіздер!

### **2 Жүргізуші:**

Сендердікі — шексіз дарқан атырап,  
Сендердікі гүлдер мен жас жапырақ.  
Сендердікі — ән шырқаған бұлбұл мен  
Алтын күн де нұры түскен шашырап.  
Сендердікі — келешектей кең қырлар,  
Сендердікі — өрен күйлер, тың жырлар.  
Сендердікі — найзағайлы нөсер мен  
Айдындағы алға шапқан толқындар.  
Бас, масайра, жас дүниені дүбірлет!  
Сенде — білім, сенде — қайрат, құдірет.  
Отанымның жұлдызындай жарқырап,  
Гүлдеріндей жайқалыңдар күлімдеп!

### **1 Жүргізуші: Жас маман деген кім?**

### **2 Жүргізуші:**

**Ж – жігерлі**

**А – алғыр**

**С – сұлу да сымбатты**

### **1 Жүргізуші:**

**М – мақсаткер**

**А – айтқанды екі етпейтін**

**М – мінезі жайсаң**

**А – арманышыл**

**Н – насихатты тез қабылдайтын жас мамандарды ортаға шақырамыз.**

### **2 Жүргізуші:**Ендігі кезекте қатысушыларды ортаға шақырайық

#### **1.Нурғалиева Данагүл Аманбайқызы**

**Ұстанымы:** «Істейтін ісінді сүюің керек, сонда ғана сенің еңбегің мейлі тіпті қарапайым болсын, шығармашылық дәрежеге дейін көтеріледі»

#### **2.Орынғалиева Самал Маратқызы**

**Ұстанымы:** «Маған айтып берсең-ұмытып қаламын, көрсетсең-есімде сақтаймын, өзіме жасатсаң үйренемін»

**3. Сүндетова Ботакөз Бердіғалиқызы****Ұстанымы:** «Дүниедегі ең оңай нәрсе - біреуге ақыл айту, ең қиын нәрсе - өзіңді - өзің түсіну»

#### **4. – Нугманова Диана**

**Ұстанымы:** «Өзіңді, өзгелерді құрметте,  
Өзің жасаған іс-әрекеттеріңе жауап бере біл»

#### **5. -Дәулеткалиева Айнара Самалбекқызы**

**Ұстанымы:** «**Мүмкін емес нәрсе жоқ**»

#### **6. –Гилымова Альфия Сериккалиевна**

**Ұстанымы:**«Өзіңе сен өзіңді алып шығар,  
Еңбегің мен ақылың екі жақтап»

**1 Жүргізуші:** Шын жүйріктер сыналады жарыста,  
Жарыстың ба, орта жолда қалыспа!

Әділқазы бағалайды сіздерді,

Жеңіс мәре жақын ба, әлде алыс па? Бүгінгі сайысымызға өздерінің әділ бағаларын беріп,  
шын мықтыны анықтайтын әділқазы алқасымен таныс болайық.

1. «Айяна» жеке мектепке дейінгі білім беру мекемесінің әдіскері: Буентаева Менсулу

Абилгазиевна

2.Шаруашылық меңгерушісі: Ғани Жанаргүл Қабдешқызы

3.Бөбекжай медбикесі: Рыспаева Гүлжан Қабылханқызы

Бүгінгі сайысымыздың шымылдығын ашып, қатысушыларға сәттілік тілегін жолдау үшін алғашқы сөз кезегін бөбекжай меңгерушісі -----береміз.

**2 Жүргізуші:** Тілегіңіз қабыл болсын дей келе, жас мамандарымыздың реттілігін анықтап алсақ. Асық «қазақ» деген ұғыммен біте қайнасып жатқан сөз екені баршамызға мәлім. Сондай-ақ, асық – төрт түлік мал мен қоңыр аңдар тілерсегінде болатын, қызметі аса күрделі, буынға біткен шымыр сүйек болып табылады. Жас ұстаздарымыз асықтай шымыр және атқарған күрделі қызметтері адалынан болсын деген ниетпен реттілікті анықтауға асықты таңдадық. Реттілікті анықтайды.

**1 Жүргізуші:** *Бүгінгі сайысымыздың кезеңдерімен таныс болыңыздар!*

**2 Жүргізуші:** *1. Таныстыру*

*2. «Озық білім – ойшыл маман*

*3. «Үйрен де жирен*

*4. «Мамандығым мақтанышым»*

**1 Жүргізуші:** Ендеше сайысымыздың алғашқы кезеңін бастайық!

**2 Жүргізуші :**

Мен жаспын – ертеңмін елімнің

Батырмын мен – қорғаушысы сенімнің

Үкілеген үмітпін мен, отпын мен

Ақтаушысы, сақтаушысы сенімнің, - дей келе, сайысымыздың алғашқы кезеңін аяқтаймыз.

**1 Жүргізуші:** 2 кезең – «Озық білім – ойшыл маман» сұрақ -жауап

1.Мемлекеттік стандарт қай күні,қай жылы шықты?

2.Тіліңмен жүгірме.....

3. «Сүйек жаңғырту» деген қандай салт

1.Тәрбиешінің болу керек негізгі 3 құжаты?

2.Артында қызы қалғаны ісі қалғаны,....

3.Шаш өру деген қандай салт

1.5 дағды?

2.Тіл қоса алар жер мен көктің арасын,

3. «Үлпершек» деген қандай тағам?

1.Үлгілік оқу жоспары қай жылы қай айда шықты?

2.Ана сүті ой өсіреді.....

3. «Аушадияр» деген қандай салт?

1.Ұйымдастырылған іс әрекеттер бойынша тәрбиешілер,жас тобында жұмыс істейтін педагогтер(қазақ тілі мұғалімі,дене тәрбиесі нұсқаушысы,музыка жетекшісі) оқу жылы басталғанға дейін жылына бір рет жасайды..

2.Ат жақсысын мақта ...

3.Өкпе сүт деген не?

**2 Жүргізуші :** 3 кезең —«Үйрен де жирен»

**1 Жүргізуші:** 4 кезең- «Мамандығым мақтанышым» көрініс

**2 Жүргізуші :**

Ұшқыр ойға серік болсын шеберлік,

Сөз кезегін әділ қазыларға берейік.

Арамызда білімді жастар көп екен,

Солардың біз нәтижесін көрейік.

— Арманға алда күткен асығамыз.

Біз қалай толқын атпай басылармыз.

«Жас мамандар» сайысының соңғы сөзін,

Естігенше біз енді асығамыз.

**1 Жүргізуші:** Сайысты қорытындылап оза шауып алға суырылып шыққан мамандардың есімін бірге білейік.

**2 Жүргізуші :**

Тәуелсіздік таңы сендер, білемін

Болашаққа бар білімін берерін

Барыс текті жастар ғана келешек,

Жалындатып биік шыңда жүретін

Еңсесі биік егеменді еліміздің адалдықты ту еткен алғыр ойлы, адал маманы болыңыздар!

Әуенді терапия

Мақсаты: Мұғалімнің кәсіби құлшынысын арттыру, жігерлендіріп көңіл – күйін көтеру.

Көрнекілігі: Музыка аппараты, жағымды, баяу әуенді диск. Табиғат бейнеленген суреттер.

Уақыты: 7 - 10 минут

Ұйымдастыру кезеңі:

а) Мұғалімді жайлы отырғызып, еркін ыңғайлы сезінуін қадағалау.

ә) Табиғат көріністерін мұқият қарауын өтіну.

б) Әуенді қосар алдында мұғалім көзін жұмуы тиіс.

Кіріспе:

- Көз алдыңызға жаңа көрген табиғат көріністерін елестетіңіз.

- Терең дем алып, әуеннің ырғағына зейін аударып, менің сөздеріме құлақ салыңыз.

- Ал, бастаймыз. (музыка қосылады)

- Соқпақ жолмен жүріп келесіз ...

- Жол ұзақ, шаршадыңыз, шөлдедіңіз ...

- Кенет алдыңыздан ғажайып бақ көрінді ...

- Алма бағы ...

- Қып – қызыл алмалар қол созым жерде ...

- Сіз үзіп алып жей бастадыңыз ...

- Дәмі керемет ...

- Жеген сайын жегіңіз келеді ...

- Қалтаңыздан дорба алып алмаларды жинай бастадыңыз ...

- Күн кешкірді ... Қайту керек ... Бақтан шығып жолға түстіңіз ... Иығыңызда дорба.

- Жүгіңіз ауыр. Жол бітер емес. «Тастап кетсем бе екен?» деген ой келді ...

- Сіз дорбаны емес, жалқау ойыңызды тастап кетіңіз ...

- Міне, қалашыққа да жеттіңіз ... Алдыңыздан қуана секіріп балалар шықты ...

- Оларға өзіңіз терген алмалардан үлестіре бастадыңыз ...

- Алма тергеніңіз мұншама абырой болар ма?

Сізге балалар да, олардың ата – аналары да дән риза ...

- Балалардың бақытты күлкісі сіздің де көңіліңізді көкке көтерді! Музыка тоқтатылып, мұғалімдер көзін ашады. Өз әсерлерін бөліседі.

Бала жайлы маржан ойлар. ➤ Бала табиғаттың ғажайып құбылысы. ➤ Ол-тұлға, өзінше бір әлем. Оны сол үшін де сыйлауға болады. ➤ Балаға бір жыл бойы қаталдық көрсеткеннен, бір сағаттық мейірімділік көрсетсең, баланы осы соңғысы тез түзетеді. ➤ Ойдағыдай тәр